

## Қазақстан Республикасындағы аударымдық және жай вексельдерге қатысты елтаңбалық алым туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 15 желтоқсан N 122-II. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2001.06.12. N 210 Заңымен. ~Z010210

Осы Заң Аударымдық және жай вексельдерге қатысты елтаңбалық алым туралы 1930 жылғы 7 маусымдағы Женева Конвенциясына сәйкес қабылданды, ол аударымдық және жай вексельдерге қатысты елтаңбалық алымның мөлшерін және оны төлеу тәртібін реттейді.

#### 1-бап. Елтаңбалық алым

1. Елтаңбалық алым - аударымдық және жай вексельдерді (бұдан әрі - вексельдерді) толтырған кезде, вексель қағазын сату кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін вексельдер бойынша құқықтар мен міндеттердің пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына бағытталған алғашқы іс-қимылды (индоссация жасау, авальдау, акцепт, инкассоға беру және басқаларын) осы аумакта жасаған кезде заңды және жеке тұлғалардан біржолғы алынатын төлем.

2. Елтаңбалық алым осы Занда белгіленген тәртіппен төленеді.

#### 2-бап. Вексель қағазы

1. Вексель қағазы - белгілі бір дәрежедегі қорғанышы бар және вексельді толтыруға арналған елтаңбалық қағаздың бір түрі. Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе осы аумакқа әкелінетін вексель қағазының қорғаныш дәрежесіне қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді. (РҚАО-ның ескертуі: қараңыз. V011494\_ ).

2. Вексель қағазын шығаруға байланысты қызмет елтаңбалық қағаз шығаруға байланысты қызметті лицензиялау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялануға тиіс.

3. Қазақстан Республикасының аумағында вексельдерді жай қағазға толтыруға да болады.

#### 3-бап. Елтаңбалық алымның мөлшері

1. Осы Заңың 5-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, елтаңбалық алым вексель сомасының 0,1%-і мөлшерінде төленеді. Төленуге тиіс елтаңбалық алымның сомасын есептеген кезде толық емес он мың теңге деп жазылған вексельдің сомасы толық он мың теңгеге жеткізіліп

дөңгелектенеді.

2. Шетел валютасымен толтырылған вексельдің сомасы елтаңбалық алым салу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің елтаңбалық алым төленетін күнгі ресми бағамы бойынша белгіленеді.

4-бап. Елтаңбалық алымды төлеуден түскен түсімдер

Елтаңбалық алымды төлеуден түскен түсімдер республикалық бюджетке есепке алынады.

5-бап. Елтаңбалық алымды төлеу тәртібі

1. Вексель беруші елтаңбалық алымды мына жағдайларда төлейді:

1) вексель қағазына вексельді толтырған кезде, егер оның сомасы он мың теңгеден аспайтын болса, елтаңбалық алым толық төленді деп есептеледі;

2) вексель қағазына вексельді толтырған кезде, егер оның сомасы он мың теңгеден асатын болса, елтаңбалық алым он мың теңгеден төленді деп есептеледі ; төленген елтаңбалық алым мен вексель сомасынан алынатын елтаңбалық алымның толық сомасы арасындағы айырмашылық оны банктер арқылы енгізу және осы вексельге түбіртекті қоса тіркеп беру жолымен төленеді;

3) вексельді жай қағазға толтырған кезде елтаңбалық алымның сомасы банктер арқылы енгізіледі және вексельге елтаңбалық алымның төленгені туралы түбіртекті қоса тіркеп беру жолымен расталады.

2. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде толтырылған вексельдерді оның аумағына әкелген кезде елтаңбалық алымды вексель бойынша құқықтар мен міндеттемелердің пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына бағытталған алғашқы іс-қимылды Қазақстан Республикасының аумағында жасаған тұлға төлейді және ол вексельге елтаңбалық алымның төленгені туралы түбіртекті қоса тіркеп беру жолымен расталады.

3. Вексель қағазын сатқан кезде елтаңбалық алымды вексель қағазын дайындаушылар немесе оны Қазақстан Республикасының аумағына әкелген тұлғалар өндіріп алады және ол республикалық бюджеттің кірісіне вексель қағазын өткізгеннен түскен табысты есептеген кезден бастап үш күннен

кешіктірілмей аударылады. Вексель қағазын дайындаған немесе оны Қазақстан Республикасының аумағына әкелген тұлғадан вексель қағазын сатып алған тұлға елтаңбалық алымның сомасына қоса оған вексель қағазының құнын да төлеуге туис.

#### 6-бап. Елтаңбалық алымды төлегенге дейін вексельден туындастын құқықтарды тоқтата тұру

Елтаңбалық алымды төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда Қазақстан Республикасының аумағында вексельден туындастын құқықтар елтаңбалық алымның толық сомасы төленгенге дейін тоқтатыла тұрады және ол елтаңбалық алымның толық сомасы төленген кезден бастап қайта жалғасады.

#### 7-бап. Елтаңбалық алымды үшінші тұлғаның толықтырып төлеуі

1. Елтаңбалық алым толық төленбеген жағдайда оны вексель беруші де, вексель ұстаушы да немесе басқа тұлға да толықтырып төлеп, вексельге оның толықтырылып төленгені туралы түбіртекті қоса тіркейді.

2. Вексель ұстаушының, сондай-ақ елтаңбалық алымның сомасын толықтырып төлеген өзге де тұлғаның вексель берушіден Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оны өтеуді талап етуге құқығы бар.

#### 8-бап. Елтаңбалық алымды төлеу кезіндегі женілдіктер

1. Вексельді толтырған кезде елтаңбалық алым төлеуден мыналар босатылады:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның бөлімшелері;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің белгілі бір мемлекеттік бағдарламасына байланысты сатып алынатын тауарлар үшін вексельдерді толтырған кезде;

3) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіздер бойынша вексельдерді толтырған кезде, егер Қазақстан Республикасының Үкіметі осы вексельдер бойынша авальшы болса.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның бөлімшелері

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде толтырылып, оның аумағына

әкелінген вексельдер бойынша құқықтар мен міндеттемелердің пайда болуына, езгеруіне немесе тоқтатылуына бағытталған алғашқы іс-қимылды жасаған кезде осы вексельдер бойынша елтаңбалық алым төлеуден босатылады.

9-бап. Елтаңбалық алымның толық және уақтылы төленуін бақылау

Аударымдық және жай вексельдерге қатысты елтаңбалық алымның толық және уақтылы төленуін бақылауды салық қызметі органдары жүзеге асырады.

10-бап. Қорытынды ережелер

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының аумағында толтырылған, сондай-ақ оның шегінен тыс жерлерде толтырылып, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген вексельдер елтаңбалық алым төлеуден босатылады.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.